

ӨСІМДІК  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ПРАКТИКУМЫ

633/635  
0-73

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРАРЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТИ

ӘРІНОВ Қ.К., МОЖАЕВ Н.И., ШЕСТАКОВА Н.А.,  
ЫСҚАҚОВ М.Ә., СЕРІКПАЕВ Н.А.

**ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ ПРАКТИКУМЫ**

**Қайта өндөліш, толықтырылыш екінші шығарылуды**

Оқу құралының орыс тіліндегі нұсқасының жалпы  
редакциясын жасаған профессор Можаев Н.И., ал қазақша  
тәржімелеп, редакциялаған профессор Әрінов Қ.К.

Қазақстан Республикасы білім және фылым министрлігі ауыл  
шаруашылық жоғары оқу орындары агрономия мамандығы  
студенттеріне оқу құралы ретінде ұсынған

**С.Сейфуллинин атындағы КазАУ**  
кітапханесі

Библиотека  
КазАУ им. С.Сейфуллина

Астана, 2004

**ББК 41.2-7**

**П-69**

**Өсімдік шаруашылығы практикумы. Эрінов Қ.К., Можаев Н.И., Шестакова Н.А., Үсқақов М.Ә., Серікпаев Н.А.**

**Оку құралының орыс тіліндегі нұсқасының жалпы редакциясын жасаған профессор Можаев Н.И., ал қазақша тәржімелеп, редакциялаған профессор Эрінов Қ.К.**

Агрономия мамандықтарына арналған оку құралында “Өсімдік шаруашылығы” пәні бойынша зертханалық сабактардың жадығаттары келтірілген. Өндірістік маңызы бар негізгі екпе дақылдардың морфологиялық ерекшеліктері, түрлері, түршелері, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген сорттары, екпе дақылдар өнімін бағдарламалау, барынша жоғары мүмкін өнім алуда қарқынды өсіру технологияларының теориялық негіздері, аймақтардың биоклиматын бағалау өдістемесі және осы жағдайларда дақылдар, сорттар мен будандар өсірудің мүмкіндіктері қарастырылған. Сонымен қатар қажетті анықтамалық жадығаттар, тұқымтану, операциялық қарқынды өсіру технологияларын жасау және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын бағалау өдістемелері қамтылған.

**Пікір жазғандар:**

Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің профессоры Елубаев С.З.

Ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеттінің профессоры Сагалбеков В.В.

Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеттінің доценті Костиков И.Ф.

Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университеттінің доценті Карипов Р.Х., егіншілік кафедрасының мәнгерушісі, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Амралин А.О.

**П 4310020000  
00(05)-03**

**ISBN 9965-451-32-X**

## АЛҒЫ СӨЗ

Өсімдік шаруашылығы – ауылшаруашылығының негізгі саласы, ол республиканы астық, мал азығы және басқа ауылшаруашылық өнімдерінің түрлерімен қажетті мелістерде қамтамасыз етуге тиіс.

Бұл саланы тиімді жүргізу үшін ауыл шаруашылық өндірісінің технологы ретінде агрономнан шаруашылық меншігінің түрлеріне, фермер екендігіне қарамай екпе дақылдар өсімдіктерінің морфологиясы, жүйеленуі, биологиясы мен агротехникасынан берік білімдері болуы талап етіледі, осының негізінде сауатты түрде аймақтық топырақ-климат жағдайлары мен қалыптасқан нақты өтпелі маусымның ерекшеліктерін ескере отырып дақылдардың өсіру технологиясын жасап және оны іске асыра білгені жөн. Технологияларды жасауда творчествоның тәсілмен келуге үйренген дұрыс, үзілді-кесілді көзқарастан арылыш, агротехникалық өдістерді жыл ерекшеліктеріне қарай бейімдеу шарт. Сондықтан агротехникалық мөселелерді шешерде алдына нақты сұрақ қою керек: “Мұны мен не үшін істеймін, бұлай істеген дұрыс па, қалыптасқан жағдайда қалай істеу керек ?”, осыған орай медицинада қабылданған “Зиянға ұшыратпа” қағидасын сактаған дұрыс, басқаша айтқанда, егістікке, шалғындыққа негізсіз іс-қимылдармен, өндеу шараларымен, күтіп-бантаймен ж.б. зиян келтірме.

Соңғы уақытқа дейін республиканың жоғарғы оқу орындарында “Өсімдік шаруашылығы” пәнін оқығанда Тимирязев ауылшаруашылық академиясының осімдік шаруашылығы кафедрасы үжымымен дайындалған “Өсімдік шаруашылығы практикумы” негізгі оқу куралы болып келді.

Республикамызда тұнғыш рет Ақмола аграрлық университетінің осімдік шаруашылығы кафедрасының оқытушылар үжымымен 1996 жылы “Өсімдік шаруашылығы практикумы” дайындалып баспадан шыгарылды. Баспадан шыққаннан кейін 2 жылдың ішінде бүкіл тиражы таралып кетті. Кітапқа сұранымның жоғары екендігін ескеріп, оны қайтадан шығару қажеттігі туындалды.

Ұсынылып отырган “Өсімдік шаруашылығы практикумы” пәннің оқу бағдарламасына сәйкес жасалған және лабораториялық практикалық сабактарға арналған оқу-әдістемелік материалды қамтиды. Ақмола, қазіргі Қазақ, аграрлық университетінің осімдік шаруашылығы кафедрасының бұл понді оқытудағы, сонымен қатар пәнді оқытудағы және аталған оқу құралдарын дайындаудағы Тимирязев АШ академиясының және басқа жоғарғы оқу орындарының ең озық тожірибелері ескерілген.

Кітапты қайта шығаруға дайындау үрдісінде қажетті толықтырулар, өзгерістер енгізілді, кейбір бөлімдер айтарлықтай деңгейде толықтырылды және қайтадан өндөлді.

Жекелеген тараулар, бөлімдер төмендегі туындыгерлермен дайындалды:

Алғысөз, VII тарау, “Мал азықтық дақылдар” (“Мал азықтық тамыр жемістер” бөлімінен басқасын) – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Н.И. Можаевпен.

I жөне VII тараулар, “Тұқымтану”, “Талшықты дақылдар” - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.К. Эріновпен.

II-тарау “Екпе дақылдардың өнімін бағдарламалау өдістемесі”- ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Н.А. Серікпаевпен.

III, IV жөне VI тараулар – “Дәнді дақылдар”, “Дәнді бүршак дақылдары”, “Майлыштың жөне эфирмайлыштың дақылдар” - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Н.А. Шестаковамен.

V тарау- “Тамыртүйнектер” жөне VII тараудың “Мал азықтық тамыржемістер” бөлімін - ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент М.Ә. Ысқақов дайындағы.

Оку құралы Қазак АУ өсімдік шаруашылығы кафедрасының профессоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы Н.И. Можаевтың жалпы редакциясымен орыс тілінде жазылған, ал қазак тіліне төржімелеп, редакциялаған аталған кафедраның профессоры ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Эрінов Қ.К.

Оку құралын одан өрі жетілдіру жөніндегі ескертпелер мен ұсыныстарды мына мекен-жайға жіберу суралады: 473032, Астана қаласы, Женіс даңғылы, 116-үй Қазак аграрлық университеті, өсімдік шаруашылығы, ауылшаруашылық өнімдерін улгікалыштау жөне сертификаттау кафедрасы.

## I ТАРАУ. ТҮҚЫМТАНУ

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары дәнді дақылдардан тек қана түқымға жыл сайын 1,8-1,9 млн т пайдаланылды, ал солтустік облыстардың ірі шаруашылыктарында – 2,0-2,5 мың т және одан да көп мөлшерде түқым себілуде.

Түқымның себу сапасынан айтарлықтай деңгейде дақылдардың өнімі өзгереді, соңықтан оның сапасына бақылау маңызды рөл атқарады. Түқымдық бақылау өрбір өкімшілік ауданда болатын Мемлекеттік түқым инспекцияларымен жүзеге асырылады.

### ТАПСЫРМА

1. Түқымтану түсініктері мен ұлғілерді сұрыптаудың әдістемесін менгеру.
2. Түқымның себу сапасын анықтаудың әдістемесін менгеру.
3. Себу жарамдылығы мен түқымның себу мөлшерін есептеуді үйрену.
4. Түқым сапасына құжаттар дайындауды үйрену.

Түқымның себу сапасының көрсеткіштеріне оның тазалығы, өну энергиясы мен лабораториялық өнгіштігі, тіршілікке кабілеттілігі, ылғалдылығы, 1000 түқымның массасы, аурулар мен залалдануы және зиянкестермен қоныстануы т.б. жатады. Негізінен лабораториялық өнгіштігі мен физикалық тазалығына, сонымен қатар басқа дақылдар мен арамшоптер түқымдарының санын коса есептегендегі қоспалар мөлшеріне қарай түқымдық материал дақылға байланысты үш, немесе екі класқа бөлінеді. Стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтін түқымдар кондициялы смес деп есептеледі және себуге рұқсат етілмейді.

Түқымның себу сапасын оны сактауға құйғаннан кейін және себуден бір ай бұрын шаруашылыктарда себуге дайындалған түқым топтарынан МСТ 12036-85 талаптарына сәйкес сұрыпталған орташа ұлғілер бойынша анықтайды. Орташа ұлғілерді агроном немесе сұрыптауға бөлінгсін өкіл сұрыптаап алады.

Лабораториялық немесе практикалық сабактарда студенттер біріктілген жонс орташа ұлғілерді сұрыптайты, себудің сапа көрсеткіштерін анықтаудың әдістемелерін менгереді, түқымның себу жарамдылығын және мөлшерін есептейді, түқымның себу сапасына құжаттар дайындауды үйренеді. Алайда ол үшін өуелі түқымдық негізгі түсініктесмін танысқан жөн.

**Түқым тобы** – бір құжатпен күелендірілген біртекті түқым сапасының (бір дақыл мен сорттың, бір репродукция мен сорт тазалығының категориясы, бір жылдағы өнімнің) кез-келген мөлшері.

**Бақылаудың бір өлшемі (бақылау бірлігі)** – бір біріктілген үлгі сұрыптаап, түқым сапасын анықтайтын жекелеген түқым тобының немесе оның бөлігінің шекті мөлшері.

**Біріктілген үлгі** – түқым тобынан, немесе оның бір бөлігінен (бақылау бірлігінен) сұрыптаап алынған барлық нүктелік үлгілер жиынтығы.

**Нүктелік ұлғі** – біріктірілген ұлғіні құрастыру үшін тұқым тобынан, немесе бақылау бірлігінен бір қимылмен алынған тұқымның шамалы бөлігі.


**Орташа ұлғі** – себу сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау үшін сұрыпталған біріктірілген ұлғінің бір бөлігі.

**Тұқым шекімі (навескасы)** – орташа ұлғінің белгілі бір бөлігі. Оның массасы талдау түріне (тұқым тазалығын немесе ылғалдылығын анықтау үшін т.б.) байланысты өзгереді.

МСТ талаптарына сәйкес тұқымның себу сапасын белгілі бір шарттарды қанағаттандыратын тұқым тобынан, немесе оның бір бөлігінен орташа ұлғіні сұрыптау жолымен анықтайды. Бұкіл тұқым тобын (немесе бақылау бірлігін) сипаттайтын орташа ұлғіні сұрыптау нүктелік ұлғі алу және біріктірілген ұлғі қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады, ал сонынан біріктірілген ұлғіден орташа ұлғі болінеді. Ол үшін конус тәрізді, цилиндрлі және қаптардан сұрыптайтын қуыс бүрғы қолданылады. Енді үйінді түрінде және қаптарда сақталған тұқым топтарынан орташа ұлғі сұрыптаудың әдістемесін қарастырайық.

#### **Ұлғілерді сұрыптаудың әдістемелері (12036-85 МСТ)**


**А)** Тұқым үйіндісінен нүктелік ұлғі сұрыптаудың әдістемесі: ұлғі тұқым тобынан, немесе бақылау бірлігінен 1 - және 2 - суреттерде көрсетілген кескінге сәйкес тұқым тобы 250 ц және одан кем болғанда 5 нүктеден, ал егер 250 ц жоғары болғанда II нүктеден ұлғі алынады. Суреттерде көрсетілген өрбір орыннан үш нүктелік ұлғі алынады: жоғарғы қабатынан (бетінен 10-20 см тереңдікте), ортасынан және еденге таяу жерден. Егер тұқым үйіндісінің массасы 1-кестеде келтірілген өлшемнен артық болса, онда шартты түрде бақылау бірліктеріне бөледі де олардың әрқайсынан нүктелік ұлғі сұрыпталады.



**1-сурет.** Нүктелік ұлғілерді сұрыптайтын бүрғылар: 1- цилиндрлі; 2-конусты; 3-қаптық; 4- беделік; 5-дөн ұлғісін сұрыптағыш.

**Б) Қалтардағы тұқымнан нүктелік үлгі сұрыптаудың әдістемесі:** өр қаптан бір нүктелік үлгі алынады. Сұрыптаудың орны өзгертуіш отырады: қаптың аузынан, ортасынан және түбінен кезектестіріш алынады. Нүктелік үлгі алынатын қалтардың саны 2-кестеде келтірілген.

**Орташа үлгіні құрастыру:** біріктірілген үлгіден уш орташа үлгі алынады- біріншісі тұқым тазалығын, өнгіштігін, тіршілікке қабілеттігін, дәлдігін, 1000 тұқымның массасын анықтауға пайдаланылады; екіншісі бойынша тұқым ылғалдылығы мен қамба зиянкестерімен залалдануын анықтайды; үшіншісінен аурулармен заладануын анықтайды (ылғалды камералар мен қоректік орталарда).



**2-сурет.** Тұқымның нүктелік үлгісін сұрыптау кескіні. 1-тұқым тобы бақылау бірлігінен артық емес; 2-тұқым тобы бақылау бірлігінен артық; 3-тұқым тобында 25 қапқа дейін

### 1-к е с т е


### Бақылау бірлігі мен орташа үлгінің массасы

Дақыл	Бақылау бірлігіндегі тұқым массасы, центнерден артық смес	Орташа үлгінің массасы, г
Бидай, ария, сұлы, қара бидай, ас бүршак, май бүршак	600	1000
Жүгері	400	1000
Карақұмық	200	500
Жоңышқа	100	250
Еркекшоп	100	50
Тары	100	500

### 2-к е с т е Ауылшаруашылық дақылдары тұқымының қалтарда сақтағанда нүктелік үлгіні сұрыптау тәсілі (көкөніс дақылдары мен жүгеріден басқалары)

Тұқым тобындағы (бақылау бірлігіндегі) қап саны, дана	Үлгіні сұрыптауға бөлінген қап саны, дана
5-ке дейін	Барлығынан
6-30	өрбір 3-қап, алайда 5-ден кем емес
31-400	өрбір 5-қап, алайда 10-нан кем емес
401 жөнс одан жоғары	өрбір 7-қап, алайда 80-нен кем емес

Орташа үлгіні біріктірілген үлгіден квадрат төсілімен бөледі (3-сурет). Ол үшін біріктірілген үлгіні тегіс бетті алаңға төгеді де тыңғышты түрде араластырады, тұқымды жинақтап квадрат түріне келтіреді және қалыңдығы ұсақ тұқымдар үшін 1,5 см, ал ірі тұқымдарда 5 см-ден асырылмайды. Сонынан квадрат диагональмен 4 бөлікке (үшбұрышка) бөлінеді. Қарама-қарсы екі үшбұрышты біріктіріп 1-үлгіні құрастырады. Бірінші орташа үлгіні дайындау үшін бөлінген тұқымды қайтадан 4 үшбұрышка бөліп, қарама-қарсы үшбұрыштарды біріктіреді, қалған екеуін шыгарып тастайды. Осы төсілмен қажетті мөлшердегі орташа үлгіні сұрыптаап алғанша қайталай береді.



3-сурет. Квадраттау тәсілі.

Екінші және үшінші орташа үлгілерді жоғарыда келтірілген төсілмен біріктірілген үлгіні алғашқы бөлгеннен қалған тұқымнан қалыптастырады.

Бірінші орташа үлгіні 1-кестеде келтірілген массасымын матадан жасалған қашыққа салады, ішіне бір этикетка салыналы да қашықтың аузы шпагатпен байланады. Соңғысының екі ұшы қашықтың сыртына келтіріліп мына мазмұндағы этикетка жапсырылады.

Екінші орташа үлгіні таза шыны сауытқа (көптеген дақылдар үшін 500 мл көлемінде) салады да парафин немесе сургучпен аузын пешеттейді. Этикетка жапсырады. Үлгіні пленкалы қашыққа да салуга болады, онда да этикетка жапсырады.

#### Э Т И К Е Т К А

«      »	200	ж.	№	актіге
1. Шаруашылықтың атауы . . . . .				
2. Дақыл . . . . .				
3. Сорты . . . . .				
4. Өнім жылы . . . . .				
5. Тұқым тобының № . . . . .				
6. Тұқым тобының массасы . . . . .				
7. Сусек № . . . . .				
8. Қантар саны . . . . .				
Қандай талдауга арналған . . . . .				
Үлгіні сұрыптаушы өкіл . . . . .				
Комиссия мүшелерінің қолдары . . . . .				

Ушінші орташа үлгіні (массасы 200 г) қағаз пакетке, немесе матадан жасалған қапшыққа салады да этикетка жapsырады.

**Орташа үлгіні құжаттау және сактау.** Үлгіге МСТ 12036-85 талаптарына сәйкес жасалған сұрыптау актісі толтырылады (қосымшаның 1-кестесі). Актіде тұқымның шығу тегі, сорттық сипаттамасы, егін жинағаннан кейінгі тұқымды өндөу шаралары көрсетіледі. Қажеттігіне қарай жекелеген тұқым толтарын сактау шараларын жақсартуға бағытталған ұсыныстар да жазылады. Орташа үлгінің сұрыптау актісі екі данамен толтырылады: бір данасы шаруашылықта (мекемеде) майдырылады, ал екінші данасы орташа үлгілермен бірге Мемлекеттік тұқым инспекциясына (МТИ) жөнелтіледі.

Барлық дақылдардың орташа тұқым үлгілері сұрыптау актілерімен бірге екі тәуліктің ішінде тұқым инспекциясына жеткізіледі. Орташа үлгілерді сұрыптағанда және оларды құжаттағанда қателіктер жіберілсе, мемлекеттік тұқым инспекциясы оларды шаруашылықта қабылдамаған себептерін көрсетіп қайтарып жібереді.

Үлгілерді сұрыптағандагы жұмыс тәртібі:

- жоғарыда келтірілген өдіstemеге сәйкес, қаптарда сактаулы тұқым тобынан нұқтелік үлгілерді сұрыптау керек:
  - біріктірілген үлгі құрастырылады;
  - біріктірілген үлгіден орташа үлгілер бөлінеді;
  - орташа үлгілерді арнаулы ыдыстарға (қапшықтарға, пакеттерге, аяқ кірмейтін сауыттарға) салады, этикетка жapsырады, ауыздарын байлап, немесе тығындалп пломбылайды;
  - үлгілерге сұрыптау актісі толтырылады;

### **ТҰҚЫМНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫН АНЫҚТАУ (МСТ 12037-85)**

Тұқымның тазалығы-себу сапасының маңызды көрсеткіші. Өлі деп аталағын қоспалар (сабан, топырак түйіршіктері, тастар т.б.) тұқымдық материалда ең алдымен артық салмақ (балласт) болып табылады және қарастырылып отырған түрдің процент мөлшерін азайтып, оның сақталуын қынданатады, ал тірі қоспалар-тіршілікке қабілетті арамшөптер мен басқа мәдени өсімдіктердің тұқымдары- себілгенде танаптардың ластануына өкеліп соғады және соның нотижесінде егін өнімінің молшері мен сапасын төмендетеді. Осы жағдай агрономлардың тұқым тазалығына мүкият қарауын талап етеді.


Тұқым тазалығы-қапшықтағы бірінші орташа үлгіден бөлінген белгілі бір шокімдегі (жүгері, асбұршак, ноқат, атбас бұршак т.б. – 200 г; егістік ногатық, күнбагыс, майбұршак, қарбыз, т.б. – 100 г; бидай, арпа, сұлы, қара бидай, күріш, қара құмық, сиыржоңышқа т.б. – 50 г; тары, судан шебі, эспарцет, қызылша т.б. – 20, зығыр, сераделла т.б. – 10 г. қыша, рапс, тарна, қылтықсыз арпабас, итқонақ, қонақтары – 5 г, сөбіз, жоңышқа, түйежоңышқа, еркешөп т.б. - 1 г) негізгі дақыл тұқымының пайыз мөлшері.

Шокімді бөліп алар алдында орташа үлгі тегіс жазық бетке төгіледі де тыңғыштың түрде қаралады. Егер бүкіл массасына біркелкі таратылмайтын ірі қоспалар (тастар, топырак кесегі, өсімдік сабагы т.б.) кездессе, онда оларды жеке теріп алып кірлерде өлшейді де барлық

орташа үлгі массасына есептеп % мөлшерін анықтайды. Ірі қоспалардың бұл процентін шөкімді талдағанда табылатын қоспалардың орташа процентіне қосады.

Шөкім екі өдіспен-арнаулы механикалық бөлгіштерде және қолмен алу жолымен құрастырылады. Арнаулы бөлгіш болмаған жағдайда екінші өдіс Қолданылады. Оның мәні мынада: тегіс жазық бетке төгілген орташа үлгі жақсылап аラластырылады да қалындығы 1 см аспайтын етіп төртбұрыш түрінде тегістеледі және қос қалақшаның көмегімен әрқайсысы 16 орыннан «шахмат» тәртібімен шым-шымдал 2 рет түкім алынады. Оларды жеке-жеке біріктіріп, екі шөкім қалыптастырады. Шөкімдерді негізгі дақылдың түкіміна және қоспаға ажыратады. Соңғысана зерттеліп отырған дақылдағы колденең қоспалар (басқа мәдени өсімдіктердің түкімы, арамшөп түкімдары, күйе қапшықтары, қара күйе склероцилері, топырақ кесектері, тірі және өлі зиянкестер, тас қырышықтары т.б.) және ақаулы түкімдар (елеуіш саңылауларынан откен ұсақ және сенген түкімдар, жаншылған, шіріген, «1/2» және одан үлкен бөлігі уатылғандар ж.б.).

Ұсақ түкімды дақылдарда (шөкімі 5 г-нан аспайтын) шөкімді бірден талдалап негізгі дақылдың түкімдарына және қоспаларға ажыратады, ал көптеген екпе дақылдардың түкім шөкімін талдау алдында әуелі ұсақ және сенген түкімдарды елеуіштерді (бидай, арпа, күріш үшін саңылауы 2,0x20 қара бидай, сұлыны – 1,5x20; жүгеріні – 2,5x20; қызылшаны 4x20; 3x20; 5x20 елеуіштер жиынтығынс, бүршақ түймдас шөптерді – 0,5 мм ж.б.) пайдаланып РКФ-1 виброклассификаторында, (4-сурет) немесе 3 минут бойы қолмен елейді. Соңынан шөкімді талдайды. Елеуіштен шықкан жонс елеуіште қалған қоспаларды біріктіреді.



4-сурет Классификаторлар:  
1-Пневматикалық КСП-1; 2-елеуішті РКФ-1

Негізгі дақылдың түкім мөлшерін шөкімнен қоспаларды шегеріш, тастап, шөкім массасына процентпен есептейді. Бір ескере кететін жайт, түкімды талдауга кірісерде анықталған ірі қоспалардың % мөлшерін бірге есептеуді ұмытпау керсек. Қоспалардан мәдени өсімдіктер мен арамшөптердің қоспасын өрбір шөкім үшін жске-жеке

есептеп нәтижелерін жұмыс бланкісіне жазады (қосымшаның 2-кестесі).

Екі шекім арасындағы айырмашылық мемлекеттік стандартпен қарастырылған шамадан аспаса, тұқымдық талдау дұрыс деп есептеледі (МСТ 12037-81, 3-кесте).

Егер айырмашылық шекті шамадан асқан жағдайда, жоғарыда келтірілген төсілмен тегіс жазық бетте қалған орташа үлгідегі тұқым массасынан үшінші шекім алынады да талдау мен есептеу қайтадан жүргізіледі. Тұқым тазалығын алғашқы шекімнің бірі және үшінші шекім нәтижелерінің орташа арифметикалық көрсеткіші бойынша анықтайды. Ал егер үшінші және бірінші шекімдер арасындағы айырмашылық шекті ауытқудан асып кетсе, онда тұқым тазалығы барлық үш шөеймнің орташа арифметикалық шамасымен белгіленеді.

Тазалығын анықтағаннан кейін негізгі дақылдың тұқымдарын қағаз пакеттерге, өрбір шекімді жеке-жеке салып, себу сапасының басқа көрсеткіштерін (1000 тұқымның массасын, өнү энергиясы мен лабораториялық өнгіштігін, тұқымның тіршілікке қабілеттілігін т.б.) анықтау үшін сактап қояды.

### **3-кесте - Екі шекім талдауы нәтижесінің орташа арифметикалық көрсеткіштерінен ауытқу шегі, %**

Екі шекім тұқымның талдауының нәтижесінде есептелінген тазалықтың орташа арифметикалық көрсеткіші	Екі шекім тұқымның талдауының нәтижесінде есептелінген қалдықтың (немесе қоспаның) орташа арифметикалық көрсеткіштері	Екі шекім тұқымның талдауының нәтижесіндегі ауытқу шегі
1	2	3
99,50-100	0-0,50	0,2
99,00-99,49	0,51-1,00	0,4
98,00-98,99	1,01-2,00	0,6
97,00-97,99	2,01-3,00	0,8
96,00-96,99	3,01-4,00	1,0
95,00-95,99	4,01-5,00	1,2
94,00-94,99	5,01-6,00	1,4
93,00-93,99	6,01-7,00	1,6
92,00-92,99	7,01-8,00	1,8
91,00-91,99	8,01-9,00	2,0
90,00-90,99	9,01-10,00	2,2
85,00-89,99	10,01-15,00	3,0
75,00-84,99	15,01-25,00	3,8
65,00-74,99	25,01-35,00	4,6
55,00-64,99	35,01-45,00	5,4
45,00-54,99		6,2

**Тұқымның тазалығын анықтараңда студенттерге тәмендегідей жұмыс тәртібі ұсынылады:**

- талданатын дақылдар үшін шекім мөлшері белгіленеді;
- ірі қоспаларды бөліп алып, қашықтардағы орташа үлгі массасы арқылы оның % мөлшері анықталады;

- орташа үлгіден талдау үшін екі тұқым шекімі бөлінеді;
- тиісті елеуішті таңдап алып, шекімдерді слеу арқылы ұсақ қоспалар ажыратылады;
- негізгі дақыл мен ірі қоспаларды бір-бірінен бөліп, ұсақ және ірі қоспалардың жиынтығын 0,01 г дәлдікпен өлшейді;
- қоспалардан басқа мәдени өсімдіктер мен арамшөп тұқымдарын сұрыптап алып, жеке-жеке санайды, ботаникалық құрамы анықталады және нәтижелері жоғарыда келтірілген кескіндегі жұмыс бланкісіне жазылады;
- елеуіште қалған орташа үлгіден басқа өсімдіктердің тұқымдары ажыратылады;
- 1 кг таза тұқымға барлық қоспалардың, оның ішінде арамшөптердің, саны есептеледі;
- өрбір шекім үшін жеке-жеке негізгі дақыл мен қоспалардың процент мөлшері есептеледі, ауытқу шегі тексеріледі, негізгі дақыл мен мөлшерленетін қоспалардың орташа арифметикалық көрсеткіштері анықталады.

### **ТҰҚЫМНЫҢ ӨНУ ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ӨНГІШТІГІН АНЫҚТАУ (МСТ 12038-84)**

Лабораториялық өнгіштік-талдауға алынған үлгіден қалыпты осіп шықкан тұқымның процент мөлшері. Өнгіштік-улкен өндірістік мәні бар тұқымдық материалдың барынша маңызды көрсеткіштерінің бірі. Осы көрсеткіш бойынша тұқымның себуге жарамдылығы және себу мөлшері анықталады. Өнгіштігі жоғары тұқымдар өсіру технологиясын дұрыс қолданғанда жаппай, біркелкі, өрі қуатты егіп көгін береді. Стандарт талаптарына өнгіштігі сай келмейтін тұқымдар себуге рұқсат етілмейді.

Өнү энергиясы-белгілі бір уақыт аралығында қалыпты осіп шықкан тұқым проценті, екінші созбен айтқанда, бұл тұқымның жаппай өнуінің көрсеткіші болып табылады. Өнү энергиясы жоғары тұқымдар сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына төзімді келеді: мұндай тұқымдардың өскіні тезірек өседі, дамиды және аурулармен аз залалданады. Өнү энергиясы, мемлекеттік стандарттармен мөлшерленбейді, алайда өлсін-өлсін ғылыми баспаларда бұл көрсеткішті стандарттау мәселесі көтүрілуде. Лабораториялық онгіштік пен өнү энергиясының арасында тікслей байланыс бар. Ақмола АШИ-ның өсімдік шаруашылығы кафедрасының (А.А. Цспенко, Қ.К. Эрінов, Н.А. Шестакова т.б.) және басқа ғылыми мектемдердің көптеген зерттеулері көрсеткендегі жаздық бидай тұқымның жоғары лабораториялық өнгіштігі сол сияқты өнү энергиясымен сипатталады.

Далалық жағдайда лабораториялық өнгіштік пен өнү энергиясын анықтау мүмкін емес. Соңдықтан бұл көрсеткіштерді негізгі екінші дақылдар үшін қысқа мерзімде анықтауга мүмкіндік берстін лабораториялық төсілдер зерттеп жасалынды және тұқымды коктству жұмыстары МСТ-12038-84 талаптарына сойкес қолайлы жағдайда жүргізіледі (4-кесте).

Өнгіштікті анықтау үшін тұқым тазалығын анықтағанда болініп алынған негізгі дақыл тұқымдары пайдаланылады. Колмен ишмессе

4-кесте

Тұқымды көктегудің шарттары

Дақыл	Көктегу шарттары			Анықтау уақыты, тәулік	
	төсөніш	температура, °C	жарықта-лыны	өнү энергиясы -ның	өнгіштік -тің
Жұмсақ бидай	ҚҰ, СҚА, РСҚ, СҚА*	20	К	3	7
Қатты бидай	ҚҰ, СҚА, РСҚ, СҚА	20	К	4	8
Егістік қара бидай	ҚҰ, СҚА, РСҚ, СҚА	20	К	3	7
Арпа	ҚА, ҚҰ, РСҚ, СҚА	20	К	3	7
Сұлы	ҚА, ҚҰ, РСҚ, СҚА	20	К	4	7
Қара құмық	РСҚ, СҚА	25, 20-30	К	4	7
Күріш	ҚҰ, СҚА	20-30	К	4	7
Тары	РСҚ, СҚА	20-30	К	4	7
Жүгері	ҚҰ, РСҚ	25, 20-30	К	4	7
Сорго (шәй жүгері)	РСҚ, ҚҰ, СҚА	25, 20-30	К	4	8
Асбуршак	ҚҰ, ҚА	20	К	4	8
Ноқат	ҚҰ, ҚА	20	К	3	7
Егістік ногатық	ҚҰ, ҚА	20	К	3	7
Сыржонышқа	ҚҰ	20	К	3	7
Майбүршак	ҚҰ, РСҚ	25, 20-30	К	3	7
Атбас бүршак	ҚҰ	20	К	4	10
Кызылша	ҚҰ, ҚСҚ	20-30	К	5	10
Тарна, шалқан	ҚҰ	20-30	К	3	7
Картоп	СҚ	20	К, Ж	5	14
Сәбіз	СҚ	20-30	К, Ж	5	10
Күнбағыс	РСҚ, ҚҰ	20, 20-30	К	3	5
Қыша	СҚ	20, 20-30	К	3	6
Зығыр	СҚ	20	К	3	7
Түйсжонышқа	СҚ	20	К	3	10
Егістік жоңышқа	СҚ, СҚА	20	К	4	7
Қылтықсыз арлабас	СҚ	20-30	Ж, К	4	10
Эспарцет	ҚҰ, ҚА	20-30	К	5	10
Ерекшелі	ҚҰ	20-30	К	4	10
Итқонақ	ҚҰ	20-30	К	3	8
Судан шебі	ҚҰ, ҚА	20-30	К	3	8
Қонақ тары (чумиза)	ҚҰ, ҚЛ	20-30	Ж, К	4	10
Рапс	СҚ	20-30	К	3	7

Шартты белгілері: СҚ-сүзгіш қағазда; СҚА-сүзгіш қағаз қабатының аралығында; РСҚ-сүзгіш қағаз қабытының аралығына сүмен қамтамасыз еткенде; СҚР-сүзгіш қағаз рулоны; ҚСҚ-көнірдектенген сүзгіш қағаз; ҚҰ-құм үстінде; ҚА-құм арасында; Ж-жарықта; К-қаранды.

есептегіш-жайып салғыштың көмегімен сұрыптамай 100 данадан 4 түкым үлгісі санап алынады (жүгері, атбас бүршак т.б. ірі түкымды дақылдар үшін 50 дана).

Түкымды көктетуге төсөніш ретінде құмды немесе сұзгіш қағазды қолданады. Құмды алдын ала жуады, қыздырады, сонынан саңылау диаметрі 1 мм елеуіште елейді. Сұзгіш қағаз да таза, улы заттармен боялмаған болуға тиіс. Оны дәңгелек (Петри шәшкесінде), конверт (шыныда) түрінде, тұракты су берілетін ваннада өсіргенде таспа пішінінде және рулонда пайдаланады.

Түкымды көктету алдында құм мен сұзгіш қағазды артық су жібермей, ылғалданырады. Артық судың қағаздан ағып кетуіне мүмкіндік беріледі. Құмды көптеген екпе дақылдар үшін 60%-ке, ал бүршак түкымдас дақылдарға толық ылғалсыйымдылықтың 80% шамасында дымқылданырады. Құмды тиісті мөлшерге дейін дымқылданыру үшін қанша су қажет екендігін анықтау үшін өуелі оның толық ылғалсыйымдылығын анықтайды. Осы мақсатпен стандарт талаптарына сәйкес диаметрі 8 см, биіктігі 30 см сеткалы түбі бар металдан жасалған цилиндр пайдаланылады.

Құмды толық дымқылданырганнан кейін сүй бар түтіктен цилиндрді шығарады да, артық судың ағып кетуіне мүмкіндік береді, сұзгіш қағазбен түбі мен бүйіріндегі суды аластатады және дымқыл құммен бірге өлшейді. Екінші рет өлшегендегі цилиндрдің дымқыл құм мен құрғақ құм арасындағы айырмашылық алынған құмды толық дымқылданыруға қажетті судың массасына тең болады.

Түкым құмда көктетілгенде, оны растилняға-өсіргішке (фаянсты, пластмассалы) 2/3 биіктігіне дейінгі деңгейде орналастырады, құмды тегістейді, бір-бірінен қашықтығы 0,5-1,5 мм болатындей стіп бір үлгінің түкымдары қатарланып себіледі, түкымды сеуіп орналастырганнан кейін оны тегіс нәрсемен (тактайшамен) құмның бетімен бірдей етіп тығыздайды.

Егер түкым сұзгіш қағазда өсірілсе, онда растилняның түбіне салынған дымқыл сұзгіш қағазға түкым жоғарыда айтылған тәсілмен орналастырылады.

Растилнялардың жоғарғы беті шыны пластинкалармен жабылуға тиіс. Ал егер растилнялардың қабырғалары бір-бірімен киolasып бірінің үстіне бірі орналастырылса, онда ең жоғарғы растилня ғана шыны пластинкамен жабылады. Эрбір түкым үлгісі, тосснішке себілгеннен кейін оған үлгі мен жүздіктің номірлері, оны энергиясы мен өнгіштікті есептейтін күндер корсетілген этикетка салынады. Түкым көктетілген кезеңде термостаттың температурасына бақылау жасап отырған жән, сонымен қатар термостаттың есігін үздік-үздік ашып түкымға таза ауаның келуін қамтамасыз ету қажет.

Өнгіштікті анықтағанда өнген түкымды есептесу орбір дақылға белгіленген техникалық шарттарға сәйкес жүргізіледі. Өнген түкымды екі мерзімде есептейді: алғашқысында оны энергиясын, ал екіншісінде өнгіштікті анықтайды. Оның үстінс, өнгіштікке салынған күн жәнс оны энергиясын, немесе өнгіштікті есептеген күн бір тәулік деп саналады.

Түкым өнгіштігін есептегендеге қалыпты өскен, бөрткен, қатты, шіріген және қалыпсыз өскен түкымдар ажыратылады. Алайда, ескере

кеткен жөн, көптеген екпе дақылдар үшін өнгіштіктің проценті тек қана қалыпты өскен тұқымдар көрсеткішімен анықталады.

Қалыпты өскен тұқымдарға өскіндері мен тамыршалары сау, өрі закымданбаған тұқымдар жатады: тұқымы бірнеше ұрықтық тамыршалармен өнетін дақылдардың (дәнді дақылдардың I-ші тобы) қалыпты өскен тұқымдарында екі және одан да көп ұрықтық тамырлар дамиды, өрі олардың ұзындығы тұқым ұзындығынан кем емес және тұқым ұзындығының жартысынан кем емес өскіні болады; тұқымы жалғыз тамыршамен өнетін дақылдардың (дәнді дақылдардың II тобы, дәнді бүршақ дақылдары т.б.) қалыпты өскен тұқымдарында жақсы жетілген, тұқым ұзындығынан қалыспайтын басты ұрықтық тамыр мен өскін қалыпсады.

Бөрткен, қатты тұқымдар өнбекен тұқымдарға жатады. Көптеген бүршақ дақылдарында (жоңышқа, түйежонышқа, түйебүршақ, бөрібүршақ т.б.) өнгіштікті есептеу кезеңінде тұқымдар бөргпей қалады, мұндайларды қатты тұқымдарға жатқызады да, бөлек есептейді.

Шіріген, қалыпсыз өнген тұқымдарды (өскіндері немесе тамыршалары кемтар, өскіні болса тамыршасы болмайды, немесе керісінше ж.б.) өнбекен қатарына жатқызады.

Өну энергиясы мен өнгіштікті анықтағанда олардың нәтижелерін жұмыс бланкісіне (қосымшаның 3-кестесі) жазады.

Жаңа жинаған тұқымның өнгіштігін анықтау үшін (өсіресе егін жинағаннан кейінгі пісіп-жетілу мерзімі ұзак дақылдарда) оны төменгі температурада, немесе МСТ 12038-84 талаптарына сәйкес күні бурын қыздырганнан кейін көктетеді.

Тұқымның өнгіштік проценті стандартпен қаралған ауытқуларды ескере отырып төрт үлгінің орташа арифметикалық шамасымен көрсетеді (5-кесте).

#### 5-кесте Өнгіштіктің орташа арифметикалық проценті және шекті (руқсат етілген) ауытқулар

Онгіштіктің орташа арифметикалық проценті	Шекті ауытқулар, %	Өнгіштіктің орташа арифметикалық проценті	Шекті ауытқулар, %
99	2	88-91	6
97-98	3	83-87	7
95-96	4	75-82	8
92-94	5	-	-

Егер үлгілердің бірінің ауыткуы шекті көрсеткіштен асып кетсе ону энергиясы мен өнгіштікті қалған үш үлгінің орташа арифметикалық процентімен көрсетеді. Ал егер екі үлгідегі ауытқулар шекті молшерден асып кетсе, онда ону энергиясы мен өнгіштік тұқымды коктеуге жаңадан салу жолымен анықталады.

Тұқымның лабораториялық өнгіштігі мен өнү энергиясын анықтаудағы жұмыс тәртібі:

- төсөніш түрін анықтау және оны тұқым себуге дайындау;
- өрқайсысында 100 данадан (ірі тұқымды дақылдарда 50 дана) 4 тұқым үлгісі санап алынады;

- термостатты, растилняларды комната температурасындағы суды т.б. дайындау;
- төсөнішке тұқым үлгілерін орналастыру және үлгілер мен жүздік тұқымдардың нөмірлері, сонымен бірге өну энергиясы мен өнгіштікті анықтайтын күн көрсетілген этикетканы салу;
- растилняларды термостатқа орналастыру;
- термостаттың температурасын күнделікті бақылау жасау және онда таза аяа алмасуын қамтамасыз ету;
- белгіленген мерзімде қалыпты өнген, шіріген, қатты және бөрткен тұқымдарды санау;
- өну энергиясы мен өнгіштікті есептеу және сандық деректерді жұмыс банкісіне (қосымшаның 3-кестесіне) жазу.

### 1000 ТҰҚЫМНЫҢ МАССАСЫН АНЫҚТАУ (МСТ 12042-80)

Іс санада (практикада) тұқымның сапасын оның граммен алынған 1000 данасының құрғақ аяа массасымен де сипаттайты. 1000 тұқымның жоғары массасы өдетте тұқымның ірілігімен байланысты. Тұқымның мөлшері бірдей болғанда бұл көрсеткіш оның ішкі құрылымының тығыздығын сипаттайты және ондағы қорлық қоректік заттарды анықтайты. Өндірісте 1000 тұқымның массасын салмақтық себу мөлшерін есептеуге пайдаланады.

Көптеген екпе дақылдардың 1000 тұқымның массасын анықтау үшін негізгі дақыл тұқымдарын мұқият араластырады, іріктемей 500 дана тұқымнан екі үлгі санап алынады да (МСТ 12042-80) 0,01-ке дейінгі дәлдікпен жеке-жеке өлшенеді. Егер бір шекімнің тұқымдары үлгіні сұрыптауға жетпесе, онда екінші шекім пайдаланылады, қажет болған жағдайда үшінші шекім сұрыпталады және одан негізгі дақыл тұқымдары бөлініп алынады.

Өлшеу нәтижелері төмендегідей тәртіппен өндөледі: 500 тұқым үлгілерінің өлшеу көрсеткіштерін бір-біріне қосып 1000 тұқымның орташа массасын табады. Екі үлгінің өлшеу нәжиделерінің нақты айырмашылығы есептелсі де 6-кесте бойынша рұқсат стілген айырмашылықпен салыстырылады:

#### 6-к е с т е      Рұқсат етілген айырмашылықтар, г

Онд ық- тар	Бірліктер									
	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
0	-	0,02	0,03	0,04	0,06	0,08	0,09	0,10	0,12	0,14
1	0,15	0,16	0,18	0,20	0,21	0,22	0,24	0,26	0,27	0,28
2	0,30	0,32	0,33	0,34	0,36	0,38	0,39	0,40	0,42	0,44
3	0,45	0,46	0,48	0,50	0,51	0,52	0,54	0,56	0,57	0,58
4	0,60	0,62	0,63	0,64	0,66	0,68	0,69	0,70	0,72	0,74
5	0,75	0,76	0,78	0,79	0,81	0,82	0,84	0,85	0,87	0,88
6	0,90	0,92	0,93	0,94	0,96	0,98	0,99	1,00	1,02	1,04
7	1,05	1,06	1,08	1,10	1,11	1,12	1,14	1,16	1,17	1,18
8	1,20	1,22	1,23	1,24	1,26	1,28	1,29	1,30	1,32	1,34
9	1,35	1,37	1,38	1,40	1,41	1,42	1,44	1,45	1,47	1,48

Екі үлгінің жынтық массасын бүтін санға дейін дөңгелектейді де сол жақтағы «ондықтар» бағанасынан осы санның ондықтарына сәйкес келетін санды табады, ал жоғарғы «бірліктер» жолынан бірліктерге сәйкес келетін санды анықтайды және бағана мен жолдың қызылысынан іздел отырған рұқсат етілген айырмашылық табылады. Егер екі үлгі массаларының нақты айырмашылығы рұқсат етілген шамадан төмен болса, 1000 тұқымның түпкілікті массасына екі үлгінің өлшеу нәтижелерінің жынтығы қабылданады және 1000 тұқымның массасы 10 г жоғары болғанда ол көрсеткіш 0,1 дәлдікке дейін дөңгелектенеді. Мысалы, Целинная ЗС жұмсақ жаздық бидайының тұқымы талданып отыр дейік. Бірінші үлгінің массасы 18,08 г, екіншінің – 17,55 г. екі үлгінің жынтық массасы (қосындысы)  $18,08\text{g}+17,55\text{g} = 35,63\text{g} \approx 36$  г. Екі нәтиже арасындағы нақты айырмашылық  $18,08\text{g}-17,55\text{g}=0,53\text{g}$ . Жынтық массасы мәні (36 г) бойынша кестеден рұқсат етілген айырмашылық табылады: “ондықтар” бағанасынан 3 саны және “Бірліктер” жолынан 6 санының қызылысуында 0,54 г-ды көрсетеді. Нақты айырмашылық 0,53 г рұқсат етілген 0,54 г-нан төмен. Сондықтан 1000 тұқымның түпкілікті анықтау көрсеткішіне  $35,63 \approx 35,6$  г қабылданады. 1000 тұқымның массасы 100 г және одан жоғары дақылдарда (асбұршақ, жүгері, майкене т.б.) кесте бойынша рұқсат етілген айырмашылық мына тәртіппен анықталады: ондықтар мен бірліктерге сәйкес келетін сандар таңдалады да ол мәндерге 100, 200, 300 г т.б. тұрақты шамалар қосылады. Айталық, Неосыпающийся 1 егістік асбұршағының жынтық массасы 224 г-ға тең. Рұқсат етілген айырмашылықты өузелі 24 саны бойынша табады, ол 0,36-ке тең, сонынан 200 санымен (2 санына 0,30 сәйкес келеді және оны 10 есе көбейтеді)  $0,30\times 10=3,0$ . Рұқсат етілген айырмашылық  $0,36+3,0=3,36$  г-ға тең.

Егер екі үлгінің өлшеу нәтижелеріндегі айырмашылық рұқсат етілген шамадан артық болса, онда үшінші үлгі сұрыпталады. Үшінші үлгінің өлшеу нәтижесін алғашқы екеуімен салыстырылады және 1000 тұқымның массасы айырмашылығы барынша төмен үлгілермен анықталады.

Жекелеген жағдайларда абсолют құрғак тұқымның массасын анықтайды. 1000 тұқымның абсолюттік массасы төмендегі анықтама бойынша есептеледі:

$$A = \frac{(100 - B) * a}{100},$$

мұнда A – 1000 тұқымның абсолюттік құрғак массасы, г;

a – 1000 тұқымның құрғак-аяу массасы (қысқаша-1000 тұқымның массасы), г;

B – тұқымның ылғалдылығы, %.

**1000 тұқымның массасын анықтау тәртібі:**

- негізгі дақылдан іріктемей 500 данадан екі тұқым үлгісі санап алынады;

- екі үлгі де 0,01 дәлдікпен өлшенеді және нәтижелері бір-біrine қосылып 1000 тұқымның орташа массасы анықталады, ал сандық деректер 7-кестедегідей жұмыс бланкісіне жазылады;

**С.Сейфуллиннан анықтарты КазАУ  
кітабы .**

**Библиотека  
КазАУ им. С.Сейфуллина**

- екі үлгі көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылық олардың орташа арифметикалық шамасымен салыстырылады және ауытқу рұқсат етілген мөлшерден асып кетсе, онда үшінші үлгі сұрыпталады да талдама қайталанады;

- қажет болған жағдайда жоғарыда келтірілген анықтама бойынша 1000 тұқымның абсолюттік құрғақ массасы анықталады.

#### 7-ке с т е      1000 тұқымның массасын анықтау

Үлгі	Үлгідегі тұқым саны, дана	Үлгі массасы, г	1000 тұқымның массасы, г
1.			
2.			
Орташа			

#### ТҰҚЫМНЫҢ ТІРШІЛІККЕ ҚАБІЛЕТТЕЛІГІН АНЫҚТАУ (МСТ 12039-82)

Жаңа жиналған тұқым және тәментаңғы температурада сакталған тұқым жиі түрде тәменгі өнгіштікпен ерекшеленеді. Мұндай тұқымдар далалық жағдайда сирек егін көгін береді. Бұл ұрықтың тіршіліксіз қалғанынан емес, тұқымның егін жинағаннан кейінгі пісіп-жетілу, немесе оның тыныштық күйіне байланысты.

Тұқымның тіршілікке қабілеттілігі-тұқым материалындағы тірі тұқым проценті. Оны таза тұқым сапасын білу, немесе тәмен өнгіштіктің себептерін түсіндіру үшін анықтайды.

Тіршілікке қабілеттілігі 12037-82 МСТ бойынша бөлінген орташа үлгіден сұрыпталған негізгі дақыл тұқымынан өркайсызы 100 тұқымнан санап алғынған екі үлгімен анықталады. Тіршілікке қабілеттілікті анықтаудың бірнеше тәсілдері бар: сілті ерітіндісінде тұқымның ісіну жылдамдығы, люминесцентті және тұқымның тетразол, қышқыл фуксин немесе индиго-карминмен боялу ерекшеліктері бойынша (12039-82 МСТ).

Тұқымның ісіну жылдамдығы бүршак тұқымдас өсімдіктерді (жоңышқа, беде) КОН немесе Na OH-дың 0,5% ерітіндісінде өлі тұқым қабықтарының әртүрлі еткізгіштігіне негізделген. 20°C жылдықта 45 минут өткендегі тіршілікке қабілетті тұқымдар ісінеді, ал олі тұқымдар ісінбейді.

Люминесценттік тәсіл ылғалдандырылған сұзгіш қағазда 30-45 минуттен соң өлі тұқымдардан бөлінген заттардың флуоресценциясына негізделген. Жарықтың ультракүлгін соулелермен қарағанда (УФС, жарық сұзгішті ОИ-18 жарықтандырылған) өлі тұқымдардың айналасында тұқым мөлшерінен үлкенірек ашық флуоресценцияланған дақтар байқалады (беде тұқымында қызыл, ал жоңышқа – кокшіл түсті).

Көптеген екпе дақылдар тұқымдарының тіршіліккес қабілеттілігін тетразол, индиго-кармин немесе қышқыл фуксин бояғыш заттармен анықтағанда тұқымды алдын ала 18-20°C жылдықта белгілі бір уақыт аралығында (қара бидай, сұлы ж.б. -1-2 сағ.; арпа, күнбағыс – 4,5; бидай, жүгері – 5-6; қара құмық - 16-17, асбүршак, сиыржоңышқа т.б. – 16-18 сағ.) суда дымқылданырады, сонан соң тұқымды ұзын бойымен тең екі жартыға бөледі (бидай, арпа, сұлы, жүгері, күріш), немесе тұқымдық қабығын алыш тастайды (асбүршак, күнбағыс,

сиыржоңышқа т.б.). талдауға тұқымның бірінші жартылары алынады, ал екінші жартысы сүйе бар ыдысқа қалдырылады да қажет болғанда анықтауды қайталауды.

Тұқымды тетразолда бояу тәсілі ұрықтың тірі клеткаларының түссіз хлорлы теразолды фармазанға айналдыру қабілетіне негізделген. Осының нәтижесінде тұқымның ұрығы қызыл түске боялады, ал өлі тұқымның ұрығы түссіз қалады. Бұл тәсілді қолданғанда дайындалған өрбір жүз жартыкешті суда мұқият жуады, сонынан оларды стақанға салып үстінен 0,5% тетразол ерітіндігін құяды да 20<sup>0</sup>C жылдықта 1 сағ. 30 мин. немесе 30<sup>0</sup>C жылдықта 40-50 мин уақытқа қалдырады. Тиісті уақыт өткен соң тұқымды мұқият тексереді. Тіршілікке қабілетті тұқымдарға ұрығы боялған тұқымдарды жатқызады.

Тұқымның индигокармин немесе қышқыл фуксинде боялу тәсілі ұрықтың тірі клеткаларының ерітіндін өткізбейтін, ал өлі клеткалардың жеңіл өткізіп боялатын ерекшелігіне негізделген. Бұл тәсілде стақандағы жылған тұқым жартыкештеріне немесе қабығы алынған бүтін тұқымдарға 0,1 % индигокармин немесе қышқыл фуксин ерітіндісін зерттеліп отырған материал тольк җабылғанша құяды. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін (бидай, сұлы, арпа, жүгері, қара құмық т.б. үшін 10-15 мин; асбұршақ, атбас бұршақ, майбұршақ, сиыржоңышқа т.б. 2-3 сағ.) тіршілікке қабілетті (ұрығы боялмаған) және тіршілікке қабілетсіз (ұрығы боялған) тұқымдарды есептейді.

Тұқымның тіршілікке қабілеттілігін процентпен екі үлгіні талдау нәтижелерінің арифметикалық орташа көрсеткішімен есептейді (8-кесте).

**8-кесте Тұқымның тіршілікке қабілеттілігін анықтау**

Үлгі	Анықтау тәсілі	Тіршілікке қабілеттілік көрсеткіші, %
1.		
2.		
Орташа		

Екі талдау нәтижелерінің ауытқулары 9-кестеде келтірілген көрсеткіштерден аспауга тиіс.

**9-кесте Тұқымның тіршілікке қабілеттілігінің арифметикалық көрсеткіші және екі үлгіні талдау нәтижелеріндегі рұқсат етілгені**

Тіршілікке қабілеттілік -тің орташа арифметикалық көрсеткіші, %	Екі үлгі бойынша ауытқулар, %	Екі үлгі, нәтижелері бойынша рұқсат етілген ауытқулар, %	Тіршілікке қабілеттілік -тің орташа арифметикалық көрсеткіші, %	Екі үлгі бойынша ауытқулар, %	Екі үлгі нәтижеле -ріне сәйкес рұқсат етілген ауытқулар, %
99	1	2	88-89	11-12	9
98	2	4	84-87	13-16	10
97	3	5	79-83	17-21	11
95-тен 96-ға дейін	4-5	6	74-78	22-26	12
93-, -94	6-7	8	65-73		
90-, -92	8-10	8	-	27-35	13

Улгілерді талдаудың нәтижелеріндегі айырмашылықтар рұқсат етілген ауытқулардан асып кетсе анықтауды қайталайды.

Тұқымның тіршілікке қабілеттілігін бояу тәсілімен анықтаудағы жұмыс тәртібі:

- негізгі дақылдың таза тұқымынан 100 данадан екі үлгі бөлінеді;
- екі үлгіні де температурасы 18-20<sup>0</sup>C жылдықта сонша уақыт суландырады (дымқылдандырады);
- суланған тұқымдарды (сұлы мен күрішті өуелі гүл қауызынан ажыратады) ұрық бойымен екі жартыға тіледі;
- талдамаға бір жартылар алынады, ал екінші жартыларды сұы бар стақанға салып қояды және оларды талдауды қайталауға тұра келген жағдайда пайдаланаады;
- дайындалған өрбір 100 жартыкешті ерітіндіге салады да қарандыда ұстайды: тетразолда 20<sup>0</sup>C жылдықта 1 сағ 30 минут, 30<sup>0</sup>C да 40-50 мин; индиго-кармин, немесе қышқыл фуксин ерітінділерде – 10-15 минут;
- белгіленген уақыт өткеннен кейін тұқым жартыкештері ерітіндіден алынады, сумен жуылады және үлкейткіш шынының көмегімен немесе жай көзбен қаралады;
- боялған (тетразолда) немесе боялмаған (қышқыл фуксин, немесе индиго-карминде) ұрықтар саны бойынша тіршілікке қабілетті тұқым процентін белгілейді;
- есептеу нәтижелерін жұмыс бланкісіне (8-кесте) жазады;
- екі үлгі деректері бойынша тұқымның тіршіліккес қабілеттілігінің орташа арифметикалық көрсеткіші есептеледі және рұқсат етілген ауытқулармен салыстырылады;
- талдама нәтижелері рұқсат етілген ауытқулардан асып кеткен жағдайда анықтауды стақанда қалдырылған екінші жартыкештерде қайталайды.

### **ТҰҚЫМ ҮЛГАЛДЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ (МСТ 12041-82)**

Тұқым үлгалдылығы-себу сапасының маңызды корсетікіші. Үлгалдылығы жоғары тұқым сақтауға рұқсат етілмейді, өйткені мұндай тұқым өздігінен қызуудың, көгеріп кастудың т.б. осерінен лабораториялық өнгіштікті шарасыздан төмендетеді. Осыған байланысты тұқым үлгалдылығы өртүрлі екпе дақылдар үшін және географиялық аймақтарға стандарттармен мөлшерленеді. Тұқым үлгалдылығы бидайда, арпада, қара бидайда астық тұқымдас шолтерде Солтүстік Қазақстанда 16-17 проценттен, ал Қазақстан Республикасының онтүстігінде 15-16%-тен аспағаны жон. Аймакқа байланысты тары тұқымының үлгалдылығы 14-16%, қара құмық пен асбұршақта 14-17% болуға тиіс.

Тұқым үлгалдылығы-тұқымдагы үлгалдың проценттік мөлшері. Оны тұқымдық инспекцияға үлгі жеткізілгеннен кейін, екі тәуліктің ішінде, көптіргіш шкафта көптіру тәсілімен (негізгі тәсіл) немесе электрлық өлшегіштерде анықтайады. Осы мақсат үшін екінші орташа

үлгіден (шыны сауыттан) мына мөлшерден кем болмайтын үлгі бөлінеді: дәнді, бүршақ дақылдары, күнбағыс, сиыржоңышқа және басқа ірі тұқымды дақылдарда-50 г, жоңышқа, итқонақ т.б. ұсак тұқымды дақылдарда-20 г. Тұқымды шөлмектен төмен төккен кезде оның ағысының басында, ортасында және соңында қалакшамен қып алу арқылы алады. Тұқым ылғалдылығын кептіргіш шкафта анықтағанда мына шарттарды орындау қажет (10-кесте).

**10-кесте Кептіргіш шкафтарда тұқым ылғалдылығын анықтаудың шарттары**

№ қатары	Дақылдар	Кептіруге дейін тұқымды алдын ала дайындау	Кептіру температурасы, °C	Кептіру уақыты, минут
1.	Дәнді, дәнді бүршақ	Лабораториялық диірменде үнтакталады	130	40
2.	Күнбағыс, қыша, шөптер ж.б.	Бүтін күйінде кептіреді	130	60
3.	Техникалық ж.б. дақылдар	Бүтін күйінде кептіреді	100-105	300

Бүтін немесе үнтакталған тұқымдардың өр жерінен шамалы тұқымнан алып өркайсысы 5 г екі шөкім құрастырылады да солар арқылы тұқым ылғалдылығы анықталады. Шөкімдерді, алдын-ала қақпағымен бос күйінде өлшенген, металл бюкстерге салып өлшейді. Кептірілгеннен кейін бюкстерді тұқымымен кептіргіш шкафтан алып эксикаторда 15-20 мин. салқыннатады да өлшейді.

Барлық өлшеу нәтижелері мен есептеулер төмендегі кескіндегі жұмыс бланкісіне жазылады (11-кесте).

**11-кесте Тұқым ылғалдылығын анықтайтын жұмыс бланкісі**

Бюкс нөмірі	Массасы 20 г шөкімнің кептіргенден кейінгі массасы, г	Қақпағы мен бюкстің нөмірі	Қақпағы мен бюкстің тің салмағы, г	Қақпағы мен бюкстің бес грамдық шөкіммен салмағы, г	Бес грамдық шөкімнің кептіргенден кейінгі кептірілгенге дейін, г	Бес грамдық шөкімнің кептіргенден кейін, г	Бес грамдық шөкімнің кептіргенден кейінгі массасы, г	Ылғалдылық, %	
								шөкімдердің орта көрсеткіші	
1.									
2.									
Орта-ша									

Шөкімді кептіргенге дейінгі және кептіргенден кейінгі өлшеулердің айырмасы шығындалған ылғалға тең.

Тұқым ылғалдылығы (%) шығындалған ылғалды 100-ге көбейтіп шөкім мөлшерінен бөлгөнгө тең:

$$ЫI = \frac{(a - b) * 100}{a},$$

мұнда Ы – тұқым ылғалдылығы, %

а – шөкімнің кептіруге дейінгі массасы, г

б – шөкімнің кептіргеннен кейінгі массасы, г

Екі шөкімнің ылғалдылық көрсеткіштерінің айырмасы 0,2%-тен аспауға тиіс, олай болмаған жағдайда талдау қайталанады.

Ылғалдылығы жоғары (20%-тен жоғары) тұқымдарды алдын ала кептіреді. Ол үшін үлгіден 20 г шөкім алынады (жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша), оны кептіргіш шкафта 105<sup>0</sup>C температурада 30 мин бойы кептіреді.

Осыдан кейін эксикаторда салқындалады да өлшенеді, ал соңынан үлгі үнтақталады және одан 5 г екі шөкім алынады. Қайтадан үнтақталады және 130<sup>0</sup>C-да 40 мин кептіреді. Бұл жағдайда тұқым ылғалдылығын (Ы) мына анықтама бойынша есептейді:

$$\text{Ы} = 100 - (\text{A}^* \text{б}),$$

Мұнда А - үнтақталмаған шөкімнің алдын ала кептіргеннен кейінгі массасы, г;

Б – алдын ала кептірілген және үнтақталған тұқым шөкімнің кептіргеннен кейінгі массасы, г.

Тұқым ылғалдылығын анықтауды тездету үшін өртүрлі электр ылғалөлшегіштерді пайдаланады. Оларға арнаулы нұсқаулар жасалған, солар бойынша ылғалдылық анықталады.

**Жоғары ылғалдылықтагы тұқымның ылғалдылығын кептіру төсілімен анықтағандагы жұмыс тәртібі:**

- екінші орташа үлгіден (шөлмектен) дақылдарға байланысты тиісті мөлшерде үлгілер бөлінеді (стандарт талаптарына сәйкес); тұқымды шөлмектен төккен кезде оның ағысының басында, ортасында және соңында қалақшамен қылп алу арқылы алады;

- бүтін немесе үнтақталған тұқым өр жерінен 5 грамнан екі шөкім құрастырылатындаи нүктелік үлгілер алынады;

- қакпағымен өлшенген бюкстерге шөкімдерді салып өлшейді;

- кептіргіш шкафты тұқым үлгілерін кептіруге дайындауды, ол үшін оның температурасын қажетті дөрежеге дейін (стандартқа сәйкес) жеткізеді;

- қакпағы ашық бюкстерді тұқым шокімімен кептіргіш шкафқа орналастырады;

- белгілентен уақыт откен соң кептіруге қойылған металл бюкстер шөкіммен бірге кептіргіш шкафтан алынып, салқындалу үшін эксикаторга салынады;

- 15-20 минуттен кейін шокім салынған бюкстер эксикатордан түсіріледі де 0,01 г дөлдіклен өлшенеді;

- барлық өлшеулер мен есептеулердің нәтижелері кссікіні жоғарыда келтірілген жұмыс бланкісіне жазылады.

- Тұқымның ылғалдылығын пайызбен (процентпен) екі шөкім бойынша бұдан бұрын кептірілген анықтама бойынша есептейді.

### **ТҰҚЫМНЫҢ ӨСУ КҮШІН АНЫҚТАУ**

**(МСТ 12040-66)**

Тұқымның өсу күші дегеніміз тұқым өскінінің белгілі бір құм қабатын жарып шығу қабілеті мен осы өскіндердің массасы.

Тұқымның өсу күшін оның өну энергиясы тәмен болғанда, аурулармен залалалданғанда және айтарлықтай көп шамада қалыпсыз өскіндер мен жарақаттанған тұқымдар болғанда, сонымен қатар бір сорттың бірнеше тұқым тобын салыстырмалы түрде бағалағанда анықтайды.

Өсу күшін анықтаудың өдістемесі тек қана дәнді дақылдар, зығыр және күнбағыс үшін жасалған.

Дәнді дақылдар мен зығыр тұқымның өсу күшін анықтау үшін негізгі дақылдың таза тұқымынан 100 данадан екі, ал күнбағыстан 25 данадан төрт үлгі санап алынады. Тұқым қалың қабырғалы шыны, немесе саздан жасалған биіктігі 16 см және диаметрі 18 см сауыттарда көктеледі. Сауытты санылауларының диаметрі 1 мм елеуіштен откізілген кварц құмымен толтырады, зығыр мен дәнді дақылдардың тұқымы үшін оны ең аз ылғал сиымдылықтың 60%, ал күнбағыс тұқымы үшін 15% мөлшеріне дейін дымқылданғырады. Ішінде бос куыс қалмайтындей етіп құмды тығыздайды және бетін тегістейді, оның қалыңдығы сауыт ернеуінен 2 см тәмен өрі дәнді дақылдар мен зығыр тұқымының сініру терендігіне тәң болуы керек, ал күнбағыс тұқымына төсенніш қалыңдығы 7 см болған жөн. Тұқымдарды сепкеннен кейін олардың бетіне 1,0-1,25 мм шамасындағы ірірек құрғак - ауа күйіндегі құммен дәнді дақылдарды 3 см, ал зығыр тұқымын 2 см қалыңдықта жабады. Күнбағыс тұқымдарын үшкір ұшымен тәмен қаратып құмға сініреді де бетін қалыңдығы 7 см етіп зығырға пайдаланылғандай шамадағы құрғак-ауа күйіндегі құммен жабады. Барлық дақылдардың тұқымдары құмға сінірілгеннен кейін сауыттың ернеуі жабылған құмнан 2 см биік қалуға тиіс. Дәнді дақылдар мен зығыр себілген сауыттардың беті шыны табақшалармен жабылады және тұқым  $16-18^{\circ}\text{C}$  жылдылықта жарықтанған ортада көктетіледі. Жаңа жиналған тұқымдар алғашқы төрт тәулікте  $8-12^{\circ}\text{C}$  температурада көктетіледі. Алғашқы өскіндер шыны табақшаға жеткен кезде оны алып тастайды, ал өсу күшін 10 тәулікте анықтайды. Күнбағыс тұқымы себілген сауытты шыны табақшамен жаппайды және  $20^{\circ}\text{C}$  жылдылықта көктетеді, өрі өсу күшін 12-ші тәулікте анықтайды. Егер қажетті температурамен қамтамасыз ету мүмкіншілігі жоқ болса, онда тұқым  $25^{\circ}\text{C}$ -да көктетіледі де өсі күшін 9-ші тәулікте анықтайды.

Есептеу жүргізілген күні барлық дақылдардың егін көгін (өскіндерді) құм бетімен бірдей етіп кеседі де жеке-жеке мыналарды санайды:

1. Сыртқа шыққан қалыпты өскіндер.
2. Өнген бірақ сыртқы бетке шыға алмаған өскіндер;
3. Ауру және шіріген өскіндер;
4. Қалыпсыз өскен тұқымдар;
5. Ісінген (бөрткен) тұқымдар;
6. Шіріген тұқымдар.

Сонымен бірге сыртқы бетке шыққан өскіндерді өлшеп, 100 өскінге шаққандағы массасын (г) анықтайды.

Тұқымның өсу күшінің қорытынды көрсеткіштеріне өскіндердің процентпен алынған орташа мөлшері мен 100 өскінге шаққандағы масасы (г) жатады. Барлық есептеулер мен өлшеулердің нәтижелері тәмендегі кескіндегі жұмыс бланкісіне жазылады